

Астана қаласының 2013 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы

Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 28 мамырдағы № 240/34-V шешімі

Астана қаласының 2013 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарастырып, Астана қаласының мәслихаты Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 88/11-V «Астана қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешімімен бекітілген Астана қаласының бюджеті Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 111/14-V, 2013 жылғы 27 маусымдағы № 147/18-V, 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 183/24-V, 2013 жылғы 29 қарашадағы № 191-27-V шешімдерімен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, бекітілген тиісті көрсеткіштерден кіріс бойынша 101,5 пайызға (жоспар 312 721 383,4 мың теңге, 317 524 300,6 мың теңге түсті), шығындар бойынша - 99,4 пайызға (жоспар - 319 813 743,9 мың теңге, атқарылғаны 317 968 581,6 мың теңге) орындалғандығын атап көрсетті.

Таза бюджеттік кредиттеу (-851 967,9 мың теңгені) құрады, оның ішінде бюджеттік кредиттерді өтеу 851 967,9 мың теңгені (100,0%) құрады.

Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо 3 931 995,4 мың теңгені құрады, оның ішінде қаржы активтерін сатып алу 3 932 023,5 мың теңге сомасында жүзеге асырылды (100 %).

Бюджеттің дефициті (-3 524 308,5) мың теңгені құрады.

Қаржы жылы ішінде жергілікті атқарушы органның 8 661 164,1 мың теңге сомасында қарызын өтеу жүргізілді.

Жылдың соңына бюджет қаражатының қалдығы 6 648 108,9 мың теңгені құрады.

Сонымен бірге, мәслихат сессиясы жеке бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің тексеру комиссиясының ұсынымдарын орындау, анықталған бұзушылықтар сомасын уақтылы қайта қалпына келтіру және бюджетке қайтару жөніндегі шараларды тиісті деңгейде қабылдамайтындығын атап көрсетті.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде астана әкімдігінің атқарушы органдары арасындағы өзара іс-қимылдың болмауы бюджет қаражаттарын пайдалану тиімділігінің айрықша төмендеуіне әкеліп соғады.

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласының 2013 жылғы бюджетінің кассалық атқарылуы туралы есеп кірістер бойынша 317 524 300,6 мың теңге, шығындар бойынша 317 968 581,6 мың теңге сомасында, таза бюджеттік несиелеу бойынша орындалуы (-851 967,9) мың теңге, қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдоның орындалуы 3 931 995,4 мың теңге, бюджет профициттері бойынша (-3 524 308,5) мың теңге болып бекітілсін (қоса беріледі) (1-қосымша).

2. Астана қаласының 2013 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы Тексеру комиссиясының есебі бекітілсін.

3. Астана қаласының әкімдігіне:

- бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің арасындағы жұмысты үйлестіруді жақсарту жөнінде шараларды қабылдау ұсынылсын.

4. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне:

- нәтижеге қол жеткізумен, бұл ретте бюджет заңнамасының және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын камтамасыз ете отырып, бюджеттік бағдарламалардың сапалы және тиімді орындалуы бойынша қажетті шараларды қабылдау;

- анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының ұсынымдарын орындау жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдері тізім бойынша осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихаты сессиясының төрағасы

С. Богатырев

Астана қаласы мәслихатының хатшысы

С. Есілов

А с т а н а

қ а л а с ы

м ә с л и х а т ы н ы ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 8

м а м ы р ы н д а ғ ы

№ 2 4 0

/ 3 4 - V

ш е ш і м і н е

2-қосымша

Астана қаласы мәслихатының күшін жойған кейбір шешімдерінің ТІЗБЕСІ

1. Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 88/11-V «Астана қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 10 қаңтарда № 761 болып тіркелген, 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 5 «Астана ақшамы», 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 6, 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 10, «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

2. Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 111/14-V «Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 88/11-V «Астана қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 19 сәуірде № 773 болып тіркелген, 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 47 «Астана ақшамы», 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 51 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

3. Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 147/18-V «Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 88/11-V «Астана қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 17 шілдеде № 784 болып тіркелген, 2013 жылғы 23 шілдедегі № 82 «Астана ақшамы», 2013 жылғы 23 шілдедегі № 89 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

4. Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 183/24-V «Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 88/11-V «Астана қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 12 қазанда № 788 болып тіркелген, 2013 жылғы 24 қазандағы № 120 «Астана ақшамы», 2013 жылғы 24 қазандағы № 127 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

5. Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 191/27-V «Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 88/11-V «Астана қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 20 желтоқсанда № 795 болып тіркелген, 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 146 «Астана ақшамы», 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 153 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).